

## **2024-2025 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

**Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылына жаңа қадам!»

**Өткізген күні:** 28 тамыз 2024 жыл

**Қатысқандар:** балабақша әкімшілігі, педагогтер, тәрбиешілер

### **Күн тәртібінде:**

1. Білім беру қызметкерлерін тамыз кеңесінің ұсыныстарымен таныстыру

Меңгеруші: Ж. Дюсенова

2. Педагогикалық тренинг

Педагог-психолог: Т. Туякбаева

3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорытындылау

Мейірбике: А.Б.Муртазаева

4. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды, жылдық мақсат пен міндеттерді, әдістемелік тақырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, перспективтік жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібі кестесін бекіту, қосымша ақылы қызмет түрлерімен таныстыру.

Әдіскер: Л. Дуйсекулова

5. Эксперименттік алаңның жұмыс жоспарын бекіту

Инновация әдіскері: А.А.Абдукадировна

6. Аттестациядан өтетін педагогтердің тізімін анықтап, бекіту, комиссиясының құрамын сайлау

Меңгеруші : Ж. Дюсенова

7. Тақырыптық бақылау қорытындысы: 2024-2025 оқу жылына дайындығын бақылау. «Менің тобымның даму ортасы»

Әдіскер: Л. Дуйсекулова

8. №1 педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту

Меңгеруші: Ж.Дюсенова

## **Тыңдалды:**

- 1.** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша меңгеруші Ж.Дюсенова педагогтерді №1 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, 2024-2025 оқу жылы балабақша ұжымы үшін сәтті жыл болуын айтып өтті. Білім саласындағы педагог қызметкерлерге арналған тамыз кеңесінің ұсыныстарын талқылау және оның қорытындысы туралы мәлімет берді. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып, күнделікті жұмыс барысында жаңа технологияларды қолдану маңыздылығы мен әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ойын әрекеті арқылы қызықты ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлуді ескертті. Әр педагог өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарап, балаларға сапалы білім беру қажеттілігін ескертті.
- 2.** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның педагог-психологі Т. Туякбаева педагогикалық ұжыммен тренинг ұйымдастырды. Тренинг барысында педагогтер бір-біріне жылы лебіздерін айтып, сәттілік тіледі. Тапсырмалар орындау арқылы өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсете білді.
- 3.** Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақшаның мейірбикесі А.Муртазаева жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылап, қорытындыларымен бөлісті. Жаз мезгілінде балалармен ұйымдастырылған сауықтыру-шынықтыру шараларының есебін берді. Жаңадан балабақшаға қабылданған балалардың денсаулығы туралы анықтама берді. «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Жаңа оқу жылында барлық педагогтарды бала қауіпсіздігі мен денсаулығына мұқият болуға шақырды.
- 4.** Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л.Б. Дуйсекулова балабақша педагогтерін 2024-2025 жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен және балабақшаның мақсат, міндеттерімен таныстырды. Оқу жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесін, таңғы жаттығу кестесін т.б. құжаттарға талдау жасады. Перспективалық жоспар мен циклограмманың құрылу жолдарын түсіндірді. Күнделікті күн тәртібін қатаң сақтап, балалардың білімдері мен дағдыларын арттырып, жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуы үшін аянбай еңбек ету керектігін айтты.
- 5.** Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақшаның инновация әдіскері А.А. Абдукадировна эксперименталды алаңның 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарын таныстырып өтті. Эксперименталды алаңда ересек топтар жұмыс жасайтынын және сол топтарға бекітілген жауапты педагогтар жоспарға сай жыл бойына жұмыс жүргізетінін түсіндірді. «Абай аманаты» тақырыбындағы эксперименталды алаңда жыл көлемінде нәтижелі жұмыстар жасап, қалалық, республикалық байқауларға белсене қатысуға шақырды. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сай әр топ аптасына бір рет

«Абай аманаты» іс-әрекетін өткізіп отырады. Оқу жылы көлемінде педагогтердің күнделікті жүргізіп отырған жұмыстарын біріктіре отырып әдістемелік құрал жазу керектігін айтты.

**6.**Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі Ж.Дюсенова аттестациядан өтетін педагогтердің және аттестаттау комиссиясының құрамын бекітіп, жоспарға сай жыл бойы іс-шаралар мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерін жоғарғы деңгейде көрсетуді, біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, қалалық және республикалық байқауларға белсене қатысуға, басылым беттеріне мақала жариялауға дағдылануды ескертті. Аттестаттауға баратын педагогтар өздерінің және тәрбиеленушілерінің жетістіктерін жинақтап отыру керегін айтып өтті.

**7.**Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л.Дуйсекулова тақырыптық бақылау қорытындысына тоқталды. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын бақылау барысында әр топтың жас ерекшелігіне сай заттық-кеңістіктік дамытушы орталарды баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне және оны дамыту мақсаттарына сәйкес ұйымдастыруда толықтырулар енгізіп, дидактикалық ойындарды жинақтау керектігіне тоқталып, педагогтарды әдептілік пен мәдениеттілікке шақырды. Ата-анамен тығыз әрі жағымды қарым-қатынас орнату, баланың әрбір кішкентай жетістігін байқап, ата-анасымен мәдениетті бөлісу, әріптестер арасындағы субардинация, сыртқы келбетіміз, ізеттілігіміз бен әдептілігіміз біздің сыртқы бейнеміз болып табылады. Ата-ананың тарапынан қандай да бір мәселе туындаған жағдайда соны ушықтырмай, өзара шешу әрбір педагогтің міндеті екенін түсіндіріп өтті.

Балабақша меңгерушісі Ж.Дюсенова педагогикалық кеңестің хатшысын тағайындау туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Педагогикалық ұжым бір ауыздан қол көтере, кеңесе отырып тәрбиеші А. Қосбармахованы хатшы етіп сайлады. Ата-аналардың қызығушылығына байланысты қосымша қызметтің түрлері таңдылып, тізімі қарастырылды. Жаңадан ашылған топтардың ата-аналары үшін кесте құрылып, жиналыстың ұйымдастырылатыны туралы хабарлама беруді ескертті.

## **Шешімдер қабылданды:**

**1.**Тамыз кеңесінің ұсыныстары қабылданын. 2024-2025 оқу жылында балабақшаның барлық педагогтері әдістемелік нұсқау хатқа және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйене жұмыс жүргізсін.

Мерзімі: 2024 -2025 оқу жылы

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер, барлық топ тәрбиешілері, пән жетекшілері.

**2.**Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларын толықтыру және есепте атауы аталып, нәтижесі берілсін.

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер, медбике

Мерзімі: 2024 -2025 оқу жылы

**3. Барлық топтардың заттық-кеңістіктік дамытушы орталары және дидактикалық ойындарына толықтырулар енгізілсін.**

Жауаптылар: меңгеруші , әдіскерлер, топ тәрбиешілері

Мерзімі: үнемі

**4. Педагогтер 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарына және бекітілген күн тәртібіне сүйене отырып жұмыс жасасын, баланың жеке даму картасы толтырылып жыл соңында мектепке және НОБД жүйесіне жүктелсін.**

Жауаптылар: тәрбиешілер, жетекшілер, әдіскерлер

Мерзімі: үнемі

**5.Эксперименталды алаң жұмысы жоспарға сай жүзеге асырылсын.**

Жауаптылар: топ тәрбиешілері, инновация әдіскері.

Мерзімі: 2024 -2025 оқу жылы

**6.Аттестатталушы педагогтердің жұмыс жоспары бекітіліп, тұрақты түрде педагогтерге әдістемелік көмек көрсетілсін.**

Жауаптылар: меңгеруші , әдіскер, педагог – психолог, тәлімгерлер

Мерзімі: 2024 -2025 оқу жылы

**7. Заттық-кеңістіктік дамытушы орталарды құру барысында барлық топтар балалардың жас ерекшелігіне сай және қауіпсіз орта құрсын.**

Жауаптылар: меңгеруші , әдіскер, инновация әдіскері, топ тәрбиешілері

Мерзімі: үнемі

**8. Қосымша қызметтер тізімі бекітілсін**

Жауаптылар: меңгеруші , әдіскер

Мерзімі: 10.09.2024 жыл

**9. Ата-аналар жиналыстары хабарлансын**

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

Мерзімі: 06.09.2024 жыл

**10. Педагогикалық кеңеске Қосбармахова А.Р. хатшы болып тағайындалсын.**

Мерзімі: 28.08.2024 жыл

**11.Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын**

**Төрағасы:**

Ж. Дюсенова

**Хатшы:**

М. Абдирахманова



**Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК**

**2024-2025 оқу жылындағы  
№1 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Астана, 2024 жыл**

